

Мазут экспортына уақытша тыйым салуды енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қыркүйектегі N 945 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 ақпандағы N 171 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.20. N 171 Қаулысымен.

Ел экономикасының мұқтаждары үшін мазуттың жеткілікті қорын жасау қажеттілігіне байланысты және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі Кеден кодексінің 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2004 жылғы 1 наурызға дейін мазутты (ТМД СЭҚ ТН коды 2710 00 710-2710 00 780) Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге тыйым салынсын.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі осы қаулының 1-тармағын орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетін осы қаулының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағынан мазуттың әкетілуіне тыйым салуды енгізетіндігі туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі